

санаған. Жиын тойларда жаршылық өнерін жақсы игерген, жыршы атағы да осы жаршылығына байланысты айтылуы мүмкін”, – дейді. Жетісудың қай шетін алсақта жырау немесе жыршы деген ат кездесе бермейді. Бірақ бүкіл ел Өмірзақты жыршы деген. Өмірзақ мадақ, мақтау, арнау өлеңдерінде өте үлкен өнер иесі екенін байқатады. Өмірзақ шығармалары ескіше араб тілінде жазылған. Бірнеше өлеңдері М. Әуезов атындағы ғылыми-зерттеу институтына өткізілген, қалған өлеңдерінің көбі ақынның өз баласы Өмірбай Өмірзақұлының жеке қорында сақтаулы. “Қаншайым” дастаны алғаш жарияланып отырғандықтан оның толық нұсқасы берілді.

## 27. Қаншайым (Дастан)

Ор. Ақан Әбдуәли

Жүрдек, баяндай

Мі - н(е)о - сы - лай, мі - не - кей,

Мі-н(е)о-сы-лай, мі - не - кей,

Та-ғ(ы)ай-та-рым та-ғы бар. Құ-лай-дың бер-ген